



Автор: Боқашбаева Маржан Диқанқызы
Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика
Сынып: 8-сынып
Бөлім: Ақпаратты электронды кестелерде өңдеу
Тақырып: Көпкестелі мәліметтер қорында кестелерді байланыстыру

Сабақ негізделген оқу мақсаты	Бірегей және кілттік көрсеткішке түсінік беру, Кестелерді мәліметтер сұлбасы арқылы байланыстыруға үйрету Барлық оқушылар: - Кілттік көрсеткіш және олардың айырмашылығын, байланысқан кестелер ұғымын біледі Оқушылардың басым бөлігі: - Кестелердің мәліметтер сұлбасы арқылы байланысу технологиясын, кілттік көрсеткішті тағайындауды орындайды Кейбір оқушылар: - Мәліметтер сұлбасы терезесін шақыру, кестені байланыстыру, байланыстарды алыстату және өзгерту, параметрлер байланысын орнату, байланыстың нәтижесін алады Оқушылар: Бірегей көрсеткіш және түйінді көрсеткіш туралы түсінік қалыптастырады. Негізгі сөздер мен тіркестер: Бірегей көрсеткіш, түйінді көрсеткіш, кестелер байланысы Сыныптағы диалог үшін пайдалы тілдік бірліктер: - Бірегей көрсеткіш дегеніміз не? - Түйінді көрсеткіш дегеніміз не? - Қандай жағдайларда кестелерді байланыстыру қажет? - Бірнеше кестені қалай байланыстыруға болады? - Бұрын құрылған байланысты жоюға бола ма? - Байланыстың қанша түрі бар? Талқылауға арналған тармақтар: - Көрсеткіштің қандай типі өзіндік анықтамасы бойынша бірегей болып табылады? - Қандай жағдайда байланысқан көрсеткіштің каскадты жаңару жалаушасы қосылмайды? Жазылым бойынша ұсыныстар: Байланыс сөзінің үш тілде аталуын білу
Алдыңғы тақырып	Мәліметтерді сұрыптау және сүзгілеу

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Басталуы: (5мин)	Шаттық шеңберін құру «Қаламсап» әдісі АКТ-да деңгейлік тәжірибелік жұмыстарды дұрыс орындау. Жаңа тақырыпты қорытындылау. Ұйымдастыру Санау арқылы 2 топқа бірігу. Өткенді қайталау үшін «Ой қозау» әдісі арқылы қорытындылаймын - Жасырын бағандар не үшін қолданылады? - Кесте жазбасының орфографиясын тексеруге бола ма? - Кесте режимінде жазбалармен қандай операциялар орындалады? - Кесте жазбасымен жұмыс жасау үшін пернелер үйлесімінің бірнешеуін атаңдар? - Сүзгі дегеніміз не? - кестелік немесе мәтіндік процессорда жол бойынша іздеу қалай жүзеге асырылады? 7.Іздеу амалы қосымшада қандай амалмен қабаттасып келеді? - Сандық сүзгі көбірек пен көбірек немесе тең арасындағы айырмашылығы қандай?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Ортасы: (15мин)	Оқушы білгендерін тыңдай отырып, жаңа сабақ тақырыбымен және мақсатымен таныстыру. Ендеше, бүгінгі жаңа сабағымыз « Көпкестелі мәліметтер қорында кестелерді байланыстыру» Жаңа тақырыпты «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі арқылы тақырыпты оқуға тапсырмалар беріледі. 1-топ.бірегей және түйінді көрсеткіштер 2-топ: кестелер байланысы 2 топқа берілген тақырыпты постер қорғауды ұсынамын. Керекті мағлұматтарды дәптерлеріне жазады. Оқушылар берілген тақырыпты оқиды.Постер қорғайды Өзгелерді тыңдай отырып, өз білімін толықтырады. Оқушыларға оқулықтағы практикалық тапсырманы компьютерде орындауға беремін. Оқулықтағы 126-127 бет	Оқулық, маркерлер, плакаттар, стикерлер, үлестірме қағаздар, интерактивті тақта
Сабақты қорытындылау (5мин)	Сабақты қорытындылауда «Екі бөлімді күнделік» әдісін дәптерлеріне орындауға беремін	дәптер
Аяқталуы: (5мин)	Критерийлер арқылы өзін-өзі бағалау. Топтық жиынтық бағалау. Үйге тапсырма: §10 Бағалау. «+,-,қызықты» әдісі арқылы кері байланыс алу.	Жиынтық бағалау парағы Оқулық, күнделік Үлестірме қағаздар